



# Австралия Одағы

Австралия, ресми атауы — Австралия Одағы (ағылшынша ‘Commonwealth of Australia’ — латын тіліндегі *australis* — оңтүстік деген сөзінен шыққан) — Австралия материгі мен Тасмания аралында және көптеген кішігірім аралдарында орналасқан мемлекет. Жер аумағы — 7 686 850 км<sup>2</sup>, осы көрсеткіш бойынша дүниежүзінде алтыншы орынға ие. Австралия Одағы Шығыс Тимор, Индонезия Республикасы, Папуа Жаңа Гвинея, Вануату, Жаңа Каледония, Соломон Аралдары, және Жаңа Зеландия елдерімен теңіз арқылы шектеседі. Австралияның астанасы – Канберра қаласы. Ірі қалалары — Сидней, Мельбурн, Халқының саны 21 миллион адам.

# Әкімшілік-территориялық құрылымы



# Австралия Одағы Туы



# Австралия Одағының Елтаңбасы



## Жер бедері

Австралия жерінің басым көпшілігі жазық және оның 95%-тен астамының биікт. 600 м-ден аспайды. Орограф. ерекшеліктеріне қарай жер бедерін 3-ке бөлуге болады. • Батыс Австралия таулы үстіртінің орташа биікт 400—500 м, үстірттің шығысында (құрлықтың орталық тұсында) Макдоннелл жотасы (1.510 м), солтүстігінде Кимберли алқабы (биікт. 936 м), оңт.-батыста Дарлинг (582 м) жоталары жатыр. • Орталық ойпаттың биікт. 100 метрден аспайды, ал Австралиядағы ең төмен жер — Эйр к-нің маңы (мұхит деңгейінен 12 м төмен орналасқан). Ойпаттың оңт.-батысында Флиндерс, Маунт-Лофти жоталары бар. • Құрлықтың бүкіл шығыс бөлігін ұзына бойы созылған Үлкен суайрық жот асы алып жатыр. Оның тау беткейлері жадағай келген, шығыс беткейі тік құлама және қатты тілімделген, батыс беткейлері біртіндеп төбелерге және көлбеу жазықтарға ұласқан. Австралияда ең биік жер — Косцюшко тауы (2.230 м) құрлықтың осы тұсында орналасқан.

## Штаттар:

Виктория штаты — жер аумағы: 237 629 км<sup>2</sup> (Австралия штаттары мен территориялары бойынша 6-шы орын), халқы: 5 012 000 (2-ші орын), астанасы: Мельбурн қаласы;

Батыс Австралия штаты — жер аумағы: 2 645 615 км<sup>2</sup> (1-ші орын), халқы: 2 003 000 (7-ші орын), астанасы: Перт қаласы;

Квинсленд штаты — жер аумағы: 1 852 642 км<sup>2</sup> (2-ші орын), халқы: 4 020 000 (3-ші орын), астанасы: Брисбен қаласы;

Жаңа Оңтүстік Уэльс штаты — жер аумағы: 809,444 км<sup>2</sup> (5-ші орын), халқы: 7 099 700 (1-ші орын), астанасы: Сидней қаласы;

Тасмания штаты — жер аумағы: 90 758 км<sup>2</sup> (7-ші орын), халқы: 502 600 (6-шы орын), астанасы: Хобарт қаласы;

Оңтүстік Австралия штаты — жер аумағы: 1 043 514 км<sup>2</sup>

# Геологиялық құрылысы және кен байлықтары

Құрлықтың іргетасын, негізінен, Австралия платформасы мен Шығыс Австралия геосинклинальді белдеуі құрайды. Платформа құрлықтың батысын, Сент-Винсент шығанағына дейінгі орталығын және оның Арафур т. астындағы бөлігін, Жаңа Гвинея аралының оңтүстігін қамтиды. Геосинклиналь белдеуі Кейп-Йорк түбегінен басталып, Тасмания аралымен бітеді. Австралия платформасының түпкі негізі (архей-төм. протерозой) күшті метаморфтану салдарынан гнейс пен гранитке айналған жанартаулық жыныстар мен терригенді шөгінділерден тұрады. Архей жыныстары Пилбара мен Калгури жақпарларында, солтүстікте Кимберли үстірті мен Антрим тауларында және Арнхемленд түбегінің солт.-батысында кездеседі. Протерозой шөгінділері Батыс Австралияның Наллагайн, Кимберли үстірті ойыстарында, Карпентария шығанағының оңт.-батысында көп ұшырасады.

## Ауа райы

Құрлықтың басым бөлігін тропиктік ( $18^{\circ}$ — $30^{\circ}$  оңт. ендік), ал солтүстігі мен оңтүстігін субтропиктік белдеу алып жатыр. Шығыс жағала-уының климаты — тропиктік теңіздік, Күн радиациясы үнемі жоғары, ашық күндер басым. Сондықтан Австралияның барлық аймағында темп-ра жоғары және тұрақгы ( $20$  - $28^{\circ}\text{C}$  ға дейін), тек қыс айларында (шілде — тамызда  $12$  - $20^{\circ}\text{C}$  температура төмендейді. Қаңтардың орташа температурасы  $40^{\circ}\text{C}$  болатын аудан құрлықтың солт.-батысында, абс. максимум — Клонкарриде ( $53,1^{\circ}\text{C}$ ). Тұрақты аяз тек оңт.-шығ-тағы Австралия Альпісінде ( $-22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін) байқалады. Үлкен суайрық жотасының Тынық мұхиттан соғатын ылғалға бөгет жасауы, құрлықтың бүкіл орталық аймағының климатының құрғақ болуына әсерін тигізеді. Австралия жерінің 40%-ке жуығында жауын-шашын мөлш. 250 мм-ден аспайды. Құрлықтың солтүстігі мен шығысындағы тауларда жауын-шашын мөлш. 500 мм-ден 2000 мм-ге дейін жетеді. Бұл аймаққа экватордан келетін ылғалды муссонның әсері бар.



# Гидрология

Аустралияда өзен, көлдер аз. Материктің 60%-ын қамтитын ішкі тұйық алапқа уақытша кебетін өзен арналары — криктер тән. Олар қалдық көлге құяды. Өте таяз, суы тұзды болып келетін, жағалаулары қалың тұз қабыршақтарымен жабылған көлдер – қалдық көлдер. Көлдер құрғақ кезеңде тартылып қалады. Қалдық көлдер материктің батысы мен орталығында көп. Ең ірісі – Эйр көліне бағытталған Куперс-Крик. Аустралия өзендері жаңбыр және жер асты суларымен қоректенеді. Үнді мұхиты алабына Аустралияның ең үлкен өзені – Муррей жатады. Муррей мен оның ірі саласы Дарлинг Үлкен Суайрық жотасынан басталып, Үнді мұхитына құяды. Муррей өзені жыл бойы Аустралия Альпісінен келетін сулар есебінен толығады. Құрғақ кезеңде Муррейдің деңгейі күрт төмендейді, ал Дарлинг төменгі ағысында мүлде тартылып қалады.

# Халқы

2007 жылдың 1 шілдесіне сәйкес Австралия халқының саны 20 001 546 адам болған. Австралияның негізгі халқы Еуропадан, Америкадан қоныс аударған ағылшын тілділер, оларды австралиялықтар деп толық айтуға болады, өздеріне тән құндылықтары, өмір салты, мінез-құлқы, мәдениеті қалыптасқан. XX ғасырдың 70-жылдары демографиялық дағдарыс және экономиканың дамуы шетелдің жұмыс күшін пайдалануды талап етті.

Австралияға ағылып арабтар, вьетнамдықтар, қытайлықтар, басқалар қоныс аудара бастады. Оларға қойылатын басты талап –

Конституцияны мойындау, ағылшын тілінде сөйлеу. Қоныс аударушылардың мәселелеріне байланысты мемлекет қыруар қаржы бөлді: ұлттық тілдерде кітапхана, мектеп, БАҚ жұмыс істеді. Бүгін Австралияда радио 68 тілде, теледидар 60 тілде хабар таратады. Бұл аздық етіп, диаспораларға парламентте, үкіметте, оқу орындарында квота бөлінді, диаспора кәсіпкерлеріне салықтардан жеңілдік берілді.

# Мемлекеттік құрылымы

Австралия Одағы **Достастық**

**Корольдігіне** кіретін мемлекет. 1931 жылы қабылданған Вестминстерлік статутқа сәйкес

Австралияның басшысы ретінде Ұлыбританияның монархы болуда. Алайда іс-жүзінде Австралия тәуелсіз мемлекет ретінде есептелуде.

Австралияда өкіметтің үш тарауы әрекет етуде:

заңшығарушы тарау: Австралия Парламенті;

атқарушы тарау: Федералдық Атқарушы

Кенес;

## Парламенті

Австралия Парламенті екі палатадан тұрады: жоғарғысы — Сенат, төменгісі — Өкілдер Палатасы. Сенатта — 76 сенатор ал Өкілдер палатасында — 150 депутат бар. Өкілдер палатасына депутаттар бірмандаттық округтар арқылы 3 жылға сайланады. Парламентте әр штаттың кемінде 5 депутат өкілдері болуы тиіс. Сенаторлар партиялық тизім бойынша 6 жылға сайланады. Әр штаттың 12 сенатор және әр территорияның 2 сенатор өкілдері бар.

## Жетекші саяси партиялары

Австралияның Лейбористік Партиясы (Australian Labor Party) (1891 жылы құрылған), Австралияның Либералдық Партиясы (Liberal Party of Australia) (1944) және Австралияның Ұлттық Партиясы (National Party of Australia) (1916).

Либералдық және Ұлттық партияларының коалициясы 1996 мен 2007 жылдар аралығында үкіметті басқарды және 2004 жылдан бастап Сенаттыда бақылауға алған.

Дегенмен 2007 жылы өткен парламенттік сайлауда, төменгі палатада көпшілік дауысты Лейбористер партиясы жеңіп алды. Сонымен қатар олар елдің бүкіл штаттардың мен территориялардың Парлменттерінде көпшілік дауысқа ие.

# Әкімшілік құрылымы



